



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

№ 592 от 16.09.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 65-бабының 3-тармағына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы 42-тармағының 5) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 4 қаңтардағы № КГИП-01-КГ/3991 хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 222 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы 8 (сегіз) адам».

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Е.А. Біртановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

3. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына:

Ажар Гиният – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі;

Әукенов Нұрлан Ерденұлы – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының міндетін атқарушы сайлансын;

А. Гинияттың, Н.Е. Әукеновтың өкілеттігі жалпы алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады деп айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жобалық және корпоративтік басқару департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**

А. Цой

Согласовано

14.09.2020 16:54 Дусипов Нурбек Назарбаевич

14.09.2020 16:59 Аукенов Нурлан Ерденевич

14.09.2020 17:07 Амиргалиев Еркінбек Рахимбаевич

14.09.2020 17:10 Абилхаиров Жасулан Турсунович

14.09.2020 17:13 Шакирова Сауле Бахтияровна

15.09.2020 16:31 Гиният Ажар

15.09.2020 19:39 Нусупова Асем Бековна

Подписано

16.09.2020 14:32 Цой Алексей Владимирович